

Г.С.Жакупов, Л.А.Темирбекова, М.Б.Садуакасова

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті*  
(E-mail: adiya77@mail.ru)

### **Ақша қаражаттарын жоспарлаудың және талдаудың қолданыстағы тәжірибесі**

Мақалада «Қазақмыс» Корпорациясы» ЖШС-нің филиалы «Балқаштүстімет» ӨБ мысалында ақша қаражаттарын талдау және бюджеттеу мәселелері қарастырылған. 2013–2014 жылдарға зерттеліп отырған кәсіпорынның ақша қаражаттарының қозғалысының талдауы жасалған. Ақша қаражаттарының қозғалысын талдау қызмет түрлері бойынша жүргізілген, сонымен қатар ақша қаражаттарының қозғалысының есебін құру әдістері қарастырылған. Бюджеттеу мүмкіндіктері зерттеліп, оның қажеттілігі, артықшылықтары және кемшіліктері зерттелген. Ақша қаражаттарының бюджетін құру тәсілдері айқындалып, зерттеп отырған кәсіпорынның мәліметтеріне сүйеніп, 2016 жылдың 1 тоқсанына ақша қаражаттарының бюджеті жасалған.

*Кілт сөздер:* ақша қаражаттары, ақша қаражаттарының қозғалысы, ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп беру, ақша қаражаттарын жоспарлау, ақша қаражаттарын бюджеттеу.

Кез келген кәсіпорынның ақша қаражаттарын бақылауы керек және есепке алуы қажет. Бухгалтерлік есепті халықаралық стандарттардың талабына сай жүргізу қазіргі кезде ең басты мәселе болып табылады. Ақша қаражатының негізін, бөліну механизмін, оны жоспарлай және болжай білу, кәсіпорын қызметінің күтілетін нәтижеге жету, яғни, пайда табудағы басты құралы болып табылады. Сондықтан нарықтық экономикада ақша қаражаттарын жоспарлаудың және талдаудың маңызы зор. Зерттеу жұмысындағы қорытындылар халықаралық стандарттарға сай ақша қаражаттар қозғалысын талдау және жоспарлау бойынша жетілдіруге арналған. Зерттеу нәтижелерін ақша қаражаттар есебін ұйымдастыруда, кәсіпорын басшыларын нақты ақпараттармен қамтамасыз етуде пайдалануға болады.

Қазіргі таңда ақшалар қозғалысы қаржы нарығының күрделілігіне байланысты маңызды мәселе болып есептеліп отыр. Ақша қаражаттар қозғалысы туралы есебі ақпарат қолданушыларға кәсіпорынның қаржылық жағдайындағы өзгерістерді бағалауға мүмкіндік береді, шаруашылық субъектінің операциялық, инвестициялық және қаржылық қызметі бойынша есепті мерзімде ақша қаражаттардың келіп түсуі мен шығысы туралы мәліметтермен қамтамасыз етеді.

Қоғамның операциялық циклының маңызды аспектілерінің бірі ақша қаражаттарының бюджеті болып табылады. Ақша қаражаттарының бюджетін қолдануда стратегиялық тұрғыдан да, тактикалық тұрғыдан да жоспарлау өндірісін ахуалын бақылауға көмектеседі және тұтас кәсіпорынның, оның бөлімшелерінің қызмет нәтижелерін бағалаудың объективті негізін қалайды, сонымен қатар кәсіпорынның әр түрлі бөлімшелерінің қызметтерін үйлестіру құралына қызмет етеді.

Кәсіпорынның жеткілікті төлем қабілеттілігі мен оның жұмысының жоғары пайдалылығының арасындағы оңтайлы балансты қолдау нарықтық экономиканың міндеті болып табылады. Осы мәселені шешу көп жағдайда ақша қаражат қозғалысын талдауға негізделеді. Экономика тұрақсыз жағдайда әрі төлемеу дағдарысы белең алған кезде, әсіресе ақша қаражатты дұрыс басқармау немесе осындай басқарудың мүлдем болмауы пайдалы кәсіпорынның өзіне де банкроттыққа әкеп соқтыруы мүмкін [1].

Ақша қаражат қозғалысы туралы есеп — ақша қаражат пен оның баламаларының кетуі мен келуінен құралатын ақша қаражаттың қозғалысын талдауға арналған ақпараттың негізгі көзі. Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп 7 — «Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есептер» IAS Халықаралық қаржы есептілігінің стандартының талаптарына сәйкес жасалады да, есепті кезеңнің қаржы есептілігінің құрамдас бөлігі ретінде ұсынылады. Аталған стандартқа сәйкес ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есептер өзіне ақша қаражаттарындағы өзгерістер мен осындай өзгерістерді операциялық, инвестициялық және қаржылық қызметтен болған өзгерістерге бөліп, мекеменің есепті кезеңіндегі ақша қаражаттың баламалары туралы ақпаратты қамтиды. Ақша қаражатының баламалары инвестициялаудан немесе басқа мақсаттардан гөрі, қысқа мерзімді ақша міндеттемелерін өтеу үшін қолданылады.

Аталмыш ақша қаражаты туралы есеп келесі баланстық теңдеуге негізделеді:

$$A_6 + A_m - A_k = A_a, \quad (1)$$

мұндағы  $A_6$  — ақша қаражаттың есепті кезеңнің басындағы қалдығы;  $A_m$  — есепті кезең ішінде ақша қаражаттың түсуі;  $A_k$  — есепті кезең ішінде ақша қаражаттың кетуі;  $A_a$  — есепті кезең соңындағы ақша қаражаттың қалдығы.

Кез келген кәсіпорын табысты жұмыс істеу үшін ақша қаражаттың қозғалысын талдауға тиіс. Талдау ақша қаражат ағынының өзгеруіне ықпал ететін ақша қаражаттың түсуі мен жұмсалыу бағыттарының объективтік, дәл және уақытылы сипаттамасын беретін ақша қаражат параметрінің қажетті көлемін, объективтік және субъективтік, сыртқы және ішкі факторларының көлемін, құрамын, құрылымын алу мақсатында жасалады.

Ақша қаражаттың қозғалысын талдау міндеттеріне:

- ақша қаражат ағыны көлемінің оңтайлылығын бағалау;
- ақша қаражат қозғалысының құрамын, құрылымы мен бағытын бағалау;
- ақша қаражат ағындарын қалыптастыруға әр түрлі факторлардың жасайтын ықпалын анықтау және өлшеу;
- ақша қаражатты пайдалануды жақсартатын резервтерді анықтау және бағалау;
- ақша қаражатты пайдаланудың тиімділігін арттыратын резервтерді іске асыру жөнінде ұсыныс әзірлеу жатады.

Жоғарыда аталғандай, ақша қаражаттарының түсімдері мен төлемдерін жіктеу операциялық, инвестициялық және қаржылық қызметтен түскен болып жүргізіледі. Ал ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп беруде жанама және тура деп аталатын екі негізгі әдістің көмегімен көрсетуге болады [2].

Тура әдіс кезінде жалпы ақша түсімдерінің негізгі түрлері мен төлемдері туралы ақпарат ашылады. Мұнда ақша қаражаттарының түсуі және шығуымен тікелей байланысты ақша қаражаттарының қозғалысы бойынша операциялар ашылады. Тура әдісті ақпараты мол ретінде «Ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы есепті» Халықаралық бухгалтерлік есеп стандарты 7 (IAS) қолдайды [3].

Жанама әдіс бұл әдіс кезінде таза пайда мен залал ақшалай емес сипаттағы операциялардың, негізгі қызметтен кез келген кейінгі қалдырылған немесе есептелген өткендегі немесе болашақтағы ақша түсімдерінің немесе төлемдерінің және инвестициялық немесе қаржылық қызметінен ақша қаражаттарының қозғалысымен байланысты табыстардың немесе шығыстардың нәтижелері ескеріле отырып, түзетіледі.

Кәсіпорынның операциялық қызметтен түсетін ақша қаражаттарының қозғалысы туралы деректер мына екі әдістің кез келгенімен ашылуы мүмкін.

Операциялық қызмет — кәсіпорынның табыс келтіретін негізгі қызметі және инвестициялық және қаржылық қызметінен айырмашылығы бар басқа қызмет. Операциялық қызмет негізгі қызмет түрі болып табылады. Операциялық қызметтен түсетін ақша қаражаттарының қозғалысы мекеменің табыс келтіретін негізгі қызметіне тікелей байланысты. Сөйтіп, әдеттегідей, олар таза пайданы және залалды айқындауға кіретін операциялар мен басқа да оқиғалардың нәтижесі болып табылады. Өзгеше алғанда операциялық қызметтен түсетін ақша қаражаттарының таза ағыны жанама әдісті қолдану кезінде пайда мен залал туралы есепте ашылатын түсімдер мен шығыстарды және кезең ішіндегі босалқылар мен операциялық дебиторлық және кредиторлық берешектердегі өзгерістерді көрсету арқылы жанама әдісті пайдаланумен ұсынылуы мүмкін.

Кәсіпорын қызметінің келесі түріне инвестициялық қызмет жатады. Ол ұзақ мерзімде активтерді және ақшалай қаражаттың баламасына жатпайтын басқа инвестицияларды сатып алумен және олардың кетуімен байланысты. Яғни, ақша қаражаттарының түсуі мен шығуының келесі ағымы кәсіпорынның инвестициялық қызметі болып табылады. Инвестициялық қызметтен түсетін ақшалай қаражаттың қозғалысы жөніндегі ақпаратты жеке ашып көрсетудің маңызы зор, өйткені ол келешектегі кіріс пен ақша ағынын жасауға арналған ресурс сатып алу мақсатында қандай шығын жұмсалғанын көрсетеді.

Ақша қаражаттарының түсімі мен төлемдерінің келесі маңызды ағымы бұл кәсіпорынның қаржылық қызмет, оның нәтижесі капитал мен міндеттемелердің көлемі мен құрамындағы өзгерістер болып табылады [4].

Кәсіпорынның қаржылық қызметінен алынатын ақша қаражаттарының қозғалысы туралы ақпаратты жеке ашудың зор маңызы бар, өйткені бұл ақпарат кәсіпорынға капитал беретін

инвесторлардың ақша қаражаттарының болашақ түсімдеріне қатысты талаптарын болжау үшін қажет.

Ақша қаражаттың қозғалысын талдамай, ақша қаражатты басқарудың тиімді жүйесін ұйымдастыру мүмкін емес, ал жүйе болмаған жағдайда кез келген кәсіпорын банкрот болуы ықтимал.

Кәсіпорынның есепті кезеңдегі ақша қаражаттарының кетуі мен келуін өткен кезеңмен салыстырып талдаймыз (1-кесте).

1-кесте

**«Қазақмыс» Корпорациясы» ЖШС филиалы — «Балқаштүстімет» ӨБ  
2013–2014 жж. арасындағы ақша қаражаттарының қозғалысы**

Көрсеткіштер	Сома, мың тг		Өзгеріс (+,-)
	2013 ж.	2014 ж.	
1. Операциялық қызмет	5962582	9625681	+3663099
1.1 Ақша қаражаттың түсуі	5782682	9859359	+4076677
1.2 Ақша қаражаттың шығуы			
1.3 Операциялық қызметтен түсетін ақша қаражаттың таза сомасы	179900	-233678	-413578
2. Инвестициялық қызмет	4875	256892	+252017
2.1 Ақша қаражаттың түсуі	106259	70269	-35990
2.2 Ақша қаражаттың шығуы			
2.3 Инвестициялық қызметтен түсетін ақша қаражаттың таза сомасы	-101384	186623	+288007
3. Қаржылық қызмет			
3.1 Ақша қаражаттың түсуі	5789458	8957249	+3167791
3.2 Ақша қаражаттың шығуы	5869110	8902562	+3033452
3.3 Қаржылық қызметтен түсетін ақша қаражаттың таза сомасы	-79652	54687	+134339
4. Қаржылық-шаруашылық қызметтен түсетін барлық ақша қаражат	-1136	7632	8768

Деңгейлес және сатылас талдау әдістерін пайдаланып, ақша қаражаттың көлемінде де, сондай-ақ кәсіпорынның үш түрлі қызметінің құрылымында орын алған өзгерістерді анықтайық.

Алдымен кәсіпорын қызметінің түрлері бойынша ақша қаражат қозғалысына деңгейлес талдау жасайық.

«Қазақмыс» Корпорациясы» ЖШС филиалы — «Балқаштүстімет» ӨБ 2013 ж. операциялық қызметтен 5962582 мың теңге сомасында ақша қаражаты түссе, ал 2014 ж. 9625681 мың теңге сомасында ақша қаражаты түсті. Есепті жылды өткен жылмен салыстырғанда 3663099 мың теңгеге, немесе 61,4 пайызға, көп. Есепті жылы ақша қаражаттың шығысы 9859359 мың теңге, өткен жылы 5782682 мың теңге болып отыр. Көріп отырғандай, өткен жылға қарағанда 4076677 мың теңгеге өскен.

Жалпы кәсіпорын операциялық қызметтен түсетін ақша қаражаттың таза сомасы 2013 ж. 179900 мың теңге пайда тапса, ал 2014 ж. 233678 мың теңге жеткіліксіз болды.

Инвестициялық қызметке қатысты айтатын болсақ, 2013 ж. ақша қаражаттың түсімі 4875 мың теңгені құраса, 2014 ж. 256892 мың теңгені құрап отыр, яғни 2014 ж. 2013 жылмен салыстырғанда 252017 мың теңге сомасына артты. Инвестициялық қызметке жұмсалған шығыс өткен жылы 106259 мың теңге, есепті жылы 70269 мың теңгені құрады, яғни ақша қаражаттың шығысы 2013 жылды 2014 жылмен салыстырғанда 35990 мың теңгеге азайды. 2014 ж. инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражаттың таза сомасы 186623 мың теңгені құраса, ал 2013 ж. кәсіпорын осы қызмет түрінен 101384 мың теңге сомасында теріс нәтиже алған болатын, нәтижесінде кәсіпорын 288007 мың теңгеге пайда тапты.

Қаржылық қызмет бойынша дәл осындай жағдай қалыптасқан болатын. Нақтырақ айтатын болсақ, 2013 ж. ақша қаражаттың түсімі 5789458 мың теңге, 2014 ж. 8957249 мың теңгені құрады. Көріп отырғандай, бір жылы ішінде түсім 3167791 мың теңгеге көбейді. Өткен жылы ақша қаражаттың шығысы 5869110 мың теңге жұмсалса, есепті жылы 3033452 мың теңгеге көп ақша қаражаты жұмсалды. Қаржылық қызметтен түсетін ақша қаражаттың таза сомасы 2013 ж. 79652 мың теңге жетпей қалса, ал 2014 ж. 54687 мың теңге сомасында қаражат алды.

Сонымен, қызметтің үш түрі бойынша «Қазақмыс» Корпорациясы» ЖШС филиалы — «Балқаштүстімет» ӨБ 2014 жылды оң нәтижемен аяқтады. Кәсіпорынның қаржылық-шаруашылық қызметтен алған ақша қаражатының таза сомасы өткен жылы 1136 мың теңгеге тең теріс мөлшерді, ал есепті жылы оның мөлшері оң болып, 7632 мың теңгені құрады.

Кәсіпорынның 2013–2014 жылдардағы ақша қаражаттың түсу себептерін егжей-тегжей қарастырайық. Ол үшін 2-кесте құрылды.

2 - кесте

**«Қазақмыс» Корпорациясы» ЖШС филиалы — «Балқаштүстімет» ӨБ  
2013–2014 жж. ақша қаражат түсімінің құрамы мен құрылымы**


Көрсеткіштер	2013 ж.		2014 ж.		Өзгеріс (+;-)	
	Сома, мың теңге	Үлес салмақ, %	Сома, мың теңге	Үлес салмақ, %	Сома, мың теңге	Үлес салмақ, %
Қаржылық-шаруашылық қызметтен түсетін ақша қаражаттың түсімі, барлығы	11756915	100	18839822	100	7082907	-
1. Операциялық қызмет бойынша:	5962582	50,72	9625681	51,09	3663099	+0,37
1.1 Тауар сату	5962582	50,72	7965120	42,28	2002538	-8,44
1.2 Қызмет көрсету	-	-	-	-	-	-
1.3 Алынған аванс	-	-	1596	0,01	1596	+0,01
1.4 Дивидендтер	-	-	-	-	-	-
1.5 Өзге түсім	-	-	1658965	8,8	1658965	+8,8
2. Инвестициялық қызмет бойынша:	4875	0,04	256892	1,36	252017	+1,32
2.1 Басқа ұйымдар берген қарыздарды өтеу	-	-	-	-	-	-
2.2 Фьючерстік және форвардтық келісім-шарттар, опциондар мен своптар	-	-	-	-	-	-
2.3 Өзге түсім	4875	0,04	256892	1,36	252017	+1,32
3. Қаржылық қызмет бойынша:	5789458	49,24	8957249	47,55	3167791	-1,7
3.1 Акциялар мен басқа да бағалы қағаздар эмиссиясы	-	-	960728	5,09	960728	5,09
3.2 Қарыз алу	5289441	44,99	7996521	42,45	2707080	-2,54
3.3 Қаржы жалгерлігі бойынша сыйақы	-	-	-	-	-	-
3.4 Өзге түсім	500017	4,25	-	-	-500017	-4,25

Жағарыдағы 2-кесте есептеулерінен келесідей қорытынды жасауға негіз бар. Операциялық қызмет бойынша ақша қаражаттардың көп бөлігі тауарларды сатудан түскен, яғни 2013 ж. 5962582 мың теңгені құраса, 2014 ж. 2002538 мың теңгеге өскен. Есепті жылы алынған аванс 1596 мың теңгені, өзге түсімдер 1658965 мың теңгені құрап отыр. Көріп тұрғандай, операциялық қызмет түрі бойынша үлес салмағы 0,37 пунктке артқан.

Инвестициялық қызмет түрі бойынша түсім тек қана өзге де түсімдерден келіп түскен. Өткен жылы 4875 мың теңге, есепті жылы 256892 мың теңгеге артқан. Ал үлес салмағы есепті жылды өткен жылмен салыстырғанда 1,32 пунктке дейін артқан.

Ал, қаржылық қызметте акциялар мен басқа да бағалы қағаздар эмиссиясынан, қарыз алудан және өзге де түсімдерден ақша қаражаттары келіп түскен. Қарыз алу 2013 ж. 5289441 мың теңгені құраса, 2014 ж. 7996521 мың теңгеге тең. Үлес салмағы бойынша 44,99 пайыздан 42,45 пайызға дейін төмендеген. Акциялар мен басқа да бағалы қағаздар эмиссиясы есепті жылы 960728 мың теңгені құраса, ал өзге түсімдер өткен жылы 500017 мың теңгені құрайды. Қаржылық қызмет түрі бойынша үлес салмағы -1,7 пунктке төмендеген.

Сөйтіп, егжей-тегжей талдаудан ақша қаражат түсімінің құрылымында операциялық немесе негізгі қызметтен түсетін түсімнің үлес салмағы ең көп екені анықталды, ал бұл кәсіпорынның қалыпты жұмыс істеуінің кепілі болып табылады. Ақша қаражаттар келіп түсуінің қызмет түрлері бойынша үлесі төмендегі суретте көрсетілген (1-сур.).



1-сурет. Ақша қаражаттар келіп түсуінің қызмет түрлері бойынша үлесі

Қорытынды жасау үшін «Қазақмыс» Корпорациясы» ЖШС филиалы — «Балқаштүстімет» ӨБ 2013–2014 жылдар арасындағы ақша қаражаттың шығу себептерін төмендегі 3-кестеде қарастырамыз.

3 - к е с т е

**«Қазақмыс» Корпорациясы» ЖШС филиалы — «Балқаштүстімет» ӨБ  
2013–2014 жж. ақша қаражат шығысының құрамы мен құрылымы**


Көрсеткіштер	2013 ж.		2014 ж.		Өзгеріс (+;-)	
	Сума, мың тг	Үлес салмақ, %	Сума, мың тг	Үлес салмақ, %	Сума, мың тг	Үлес салмақ, %
1	2	3	4	5	6	7
Қаржылық-шаруашылық қызмет бойынша ақша қаражат жұмсалды, барлығы	11758051	100	18832190	100	7074139	-
1. Операциялық қызмет бойынша:	5782682	49,18	9859359	52,35	4076677	+3,17
1.1 Тауарлар мен қызмет үшін жеткізушілерге төленген төлем	1722281	14,65	3289146	17,47	1566865	+2,82
1.2 Берілген аванс	356985	3,04	1001253	5,32	644268	+2,28
1.3 Еңбек ақы төлеу	3036000	25,82	3433000	18,23	397000	-7,59
1.4 Корпоративті табыс салығы	33265	0,28	550236	2,92	516971	+2,64
1.5 Бюджетке төленетін басқа төлем	396585	3,37	602562	3,19	205977	-0,18
1.6 Өзге төлемдер	237566	2,02	983162	5,22	745596	+3,2
2. Инвестициялық қызмет бойынша:	106259	0,9	70269	0,37	-35990	-0,53
2.1 Негізгі құралдарды сатып алу	106190	0,9	60256	0,32	-45934	-0,58
2.2 Материалдық емес актив сатып алу	69	-	81	-	12	-
2.3 Басқа да ұзақ мерзімді актив сатып алу	-	-	-	-	-	-

1	2	3	4	5	6	7
2.4 Басқа ұйымдарға берілген қарыз	-	-	-	-	-	-
2.5 Фьючерстік және форвардтық операциялар, опциондар мен своптар	-	-	-	-	-	-
2.6 Өзге төлемдер	-	-	9932	0,05	9932	+0,05
3. Қаржылық қызмет бойынша:	5869110	49,92	8902562	47,28	3033452	-2,64
3.1 Қарыз өтеу	5424800	46,14	8202562	43,56	2777762	-2,58
3.2 Меншікті акциялар сатып алу						
3.3 Дивидендтер төлеу	220365	1,88	-	-	-220365	-1,88
3.4 Өзге төлемдер	-	-	334019	1,78	334019	+1,78
	223945	1,9	365981	1,94	142036	+0,04

3-кесте бойынша келесідей қорытынды жасауға болады. Тауарлар мен қызмет үшін жабдықтаушыларға төленген төлем 2013 ж. 1722281 мың теңге, ал 2014 ж. 3289146 мың теңгені құрап отыр. Сонымен қатар үлес салмағы 2,82 пунктке көбейген. Берілген аванстар өткен жылы 356985 мың теңге болса, 2014 ж. 1001253 мың теңгені құраған. Ал, еңбек ақы төлеу бойынша 2013 ж. 3036000 мың теңге жұмсалса, 2014 ж. 3433000 мың теңгеге көп жұмсалған. Жалпы үлес салмағы 7,59 пунктке дейін төмендеген. Корпоративті табыс салығы бойынша 2013 ж. 33265 мың теңгені құраса, ал 2014 ж. 516971 мың теңге сомасында артып отыр. Ал, бюджетке төленетін басқа төлемдер 2013 ж. 396585 мың теңге, 2014 ж. 602562 мың теңгені құраған. Үлес салмағы -0,18 пунктке дейін азайған. Өзге де төлемдер бойынша үлес салмағы өткен жылды есепті жылмен салыстырғанда 745596 мың теңге сомасында артып отыр. Көріп тұрғандай, операциялық қызмет түрі бойынша үлес салмағы 3,17 пунктке артқан.

Инвестициялық қызметке жұмсалатын шығыс «Негізгі құралдарды сатып алу» бабы бойынша жұмсалады. Егер 2013 ж. осы баптың шығысы 106190 мың теңгені құраса, 2014 ж. оның мөлшері 1,8 есеге қысқарып, 60256 мың теңгені құрады, ал осы баптың үлес салмағы -0,58 пунктке төмендеген. Негізгі құралдар объектілерін сатып алу қызметті кеңейтумен, кәсіпорынның материалдық-техникалық базасын нығайтумен байланысты болғандықтан, есепті жылдың инвестициялық қызметінің осындай нәтижесін жақсы деп бағалауға болмайды. Ал, материалдық емес активтерді сатып алу бойынша 2013 ж. 69 мың теңге қаражат жұмсалса, 2014 ж. 81 мың теңге ақша қаражаты жұмсалған. Өзге төлемдер 2014 ж. 9932 мың теңгені құраған. Инвестициялық қызмет түрі бойынша үлес салмағы -0,53 пунктке төмендеген.

Қаржылық қызмет бойынша алған қарызды өтеу 2013 ж. 5424800 мың теңге болса, 2014 ж. 8202562 мың теңгені құраған. Есепті жылды өткен жылмен салыстырғанда 2777762 мың теңге сомасында артып отыр. Меншікті акцияларды сатып алу бойынша 2013 ж. 220365 мың теңге жұмсалса, ал дивиденд төлеу бойынша 2014 ж. 334019 мың теңге жұмсалған. Өзге де төлемдер бойынша өткен жылы 223945 мың теңге, есепті жылы 142036 мың теңгеге көп ақша қаражаты жұмсалды. Ал, қаржылық қызмет түрі бойынша үлес салмағы -2,64 пунктке азайған. Ақша қаражаттар шығысының қызмет түрлері бойынша үлесі төмендегі 2-суретте көрсетілген.



2-сурет. Ақша қаражаттар шығысының қызмет түрлері бойынша үлесі

Ең соңында өткен жылмен салыстырғанда ақша қаражат қалдығының өзгеруін талдаймыз (4-кесте).

4-кесте

**«Қазақмыс» Корпорациясы» ЖШС филиалы — «Балқаштүстімет» ӨБ  
2013–2014 жж. арасындағы ақша қаражат қалдығының серпіні**

Көрсеткіштер	Сума, мың тг		Өзгеріс (+;-)
	2013 ж.	2014 ж.	
1. Ақша қаражат пен жыл басындағы олардың баламалары	3162	2026	-1136
2. Кәсіпорынның үш қызмет түрінен түскен барлық ақша қаражаты	-1136	7632	+8768
3. Ақша қаражат пен жыл соңындағы олардың баламалары	2026	9658	+7632

Жоғарыдағы 4-кестеден жылдың басындағы қалдықпен салыстырғанда ақша қаражат қалдығы жыл соңында өсіп, 9658 мың теңгені құрағаны көрінеді. Бұл өткен жылмен салыстырғанда есепті жылы кәсіпорынның қаржылық-шаруашылық қызметінен түскен ақша қаражаттың 8768 мың теңгеге өсіп, жыл соңындағы ақша қаражат қалдығының -1136 мың теңгеге азаюының нәтижесінде орын алды.

Қорытындылай келе, біз ақша қаражат қозғалысы туралы есепті талдадық. Кәсіпорын өзінің операциялық қызметінің нәтижесінде ақша қаражат түсімінің төлемдерден асуын қамтамасыз ете алуға және инвестициялық қызметпен айналасуға қабілетті. Сонымен қатар кәсіпорын өзінің ақша қаражатын тиімді, оңтайлы пайдаланады деуге болады. Осы есепті талдау кәсіпорынның өтімділігі мен төлемқабілеттілігіне, оның келешектегі қаржылық әлеуетіне қатысты тұжырым жасауға мүмкіндік береді.

Ақша қаражаттарын бюджеттеуді және оның жетілдіру жолдарын қарастырайық. Осы уақытқа дейін қалыптасқан ғалымдар мен практиктердің бюджеттеу теориясына байланысты тағлымдарының бір-бірінен негізгі айырмашылықтары қамтылу ауқымында. Біреулері бюджеттеуді тек шұғыл және ағымдық жоспарлау міндеттері деп шектесе, екіншілері оны кәсіпорынның ерекше философиясы ретінде қарастырады [5].

Бюджет басқарушылық бақылау жүйесінің шешуші құралы болып табылады және біздің өміріміздің құрамдас бөлігі. Экономикалық әдебиеттерде кең қолданылатын «бюджет» термині ең алғаш рет өткен ғасырдың 90 жж. бірінші жартысында пайда болды. Басқару есебі бойынша Американың куәландырылған бухгалтерлер институтының анықтамасына сүйенсек, бюджет (кірістер

мен шығыстар сметасы) — ол белгілі бір кезеңге дайындалған және қабылданған табыстың жоспарлы шамасын көрсететін және осы кезең ішінде жұмсалатын шығындардың, мақсатқа жету үшін тартылған капиталдың ақша түріндегі қаржы жоспары, сонымен бірге жоспардың сандық көрінісі оның орындалуын бақылайтын құрал және реттеу әдісі.

Бюджеттеу жүйесін жетілдірудің маңызды бөлігі — оны құру технологиясын тиімді ұйымдастыруға байланысты іс-шараларды жүзеге асыру және бюджеттеу мен басқарушылық есеп жүйесін құруды кешенді әрі жүйелі етіп қамтамасыздандыру.

Бюджетті қолдану кәсіпорынға мынандай артықшылықтарды жасайды:

- ұйымды ынталандыруға және бағыт беруге оң әсерін тигізеді;
- жалпы кәсіпорын жұмысын үйлестіре алады;
- бюджеттеуді талдау дер мезгілінде түзетілетін өзгерістерді енгізе алады;
- өткен кезеңдерінде бюджеттердің құру тәжірибесінде үйренуге көмектеседі;
- ресурстардың бөлу процестерін жетілдіре алады;
- байланыс процестеріне әсерін тигізеді;
- жетілген және күтілетін нәтижелерді салыстыру құралы болып табылады.

Кәсіпорындарда бюджеттеуді дәстүрлі түрде қолмен жүргізу жоспарлау үрдісі мен шоттар консолидациясында еңбек шығынын қажет етеді. Сонымен қатар еңбек шығынына қоса, адами фактор себебінен қателіктер ықтималдылығы шын мәнінде артып, жоспар мен нақты мәліметтерді салыстырып талдауда қиындықтар туады. Жалпы кәсіпорындардың іс-тәжірибесіндегі бюджеттеу жүйесін қалыптастыруда мынадай кемшіліктер кездеседі:

- бюджетті жоспарлау еңбекті көп қажет ететін үдеріс;
- бюджеттеу жүйесінің қиындығы мен қымбаттылығы;
- жоспар мен нақты нәтижелерді талдауға түзету жүргізудің қиындығы;
- экономикалық жоспарлау қаржылық жоспарлауға дейін жеткізілмейді, соның салдарынан қаржыландырудың қажеттілігін анықтауға мүмкіндік болмайды.

Қоғамның операциялық циклының маңызды аспектілерінің бірі ақша қаражаттарының қозғалысы болып табылады. Жалпы бюджетті дайындау барысында ақша қаражаттарының бюджеті барлық кезеңдік бюджеттер күрделі шығындар бюджеті және пайда және зиян жөніндегі бюджет дайын болғаннан кейін жасалады.

Ақша қаражаттарының бюджеті (ақша ағымының болжамы) бұл алдағы уақыт кезеңіне қатысты ақша қаражаттарының түсімдері мен төлемдерінің болжамы болып табылады. Ол ақша қаражаттарының барлық жоспарланған операциялар нәтижесіндегі түсімдері мен төлемдерін жинақтап көрсетеді. Бұл бюджет алдағы есепті кезең соңында жоспарланып отырған ақша қаражаттарының қалдық сомасын көрсетеді.

Ақша қаражаттарының бюджеті екі бөлімнен тұрады: күтілетін ақша қаражаттарының түсімдері және күтілетін ақша қаражаттарының төлемдері. Күтілетін түсімдер сомасын анықтау үшін сату бюджетінің ақпараттары пайдаланылады. Күтілетін төлемдер сомасы әр түрлі кезең бюджеттерінің негізінде жасалады.

Ақша қаражаттарының бюджетін жасаудың екі мақсаты бар:

- а) ақша қаражаттарының кезең соңында жоспарланған қалдық мөлшерін көрсетеді және ол болжамды балансты құрастыруда қолданылады;
- ә) ақша қаражаттарының әр айдың соңындағы қалдықтарын болжай отырып, сол кезеңдегі қаржылық ресурстардың артық мөлшері немесе жетіспеушілігі жөнінде ақпарат алады.

Осылайша, екі мақсаты арқылы ақша қаражаттарының бюджеті, біріншіден, жалпы бюджетті дайындаудағы ақша қаражаттары бюджетінің рөлі мен маңызын анықтаса, екіншіден, қаржылық ресурстарды басқару құралы ретіндегі рөлін анықтайды.

Ақша қаражаттарының бюджетінің элементтері мен олардың ақпарат көздерін көрсету үшін 5-кестені құрастырамыз.

## Ақша қаражаттары бюджетінің элементтері мен ақпарат көздері

Ақша қаражаттары бюджетінің элементтері	Ақпараттық негізі
Ақша қаражаттарының түсімдері	
Ақшаға сатудан	Сату бюджеті
Қарызға (несиеге) сатудан	Сату бюджеті
Өз активтерін сатудан түсімдер	Пайда және зиян жөніндегі болжамды есептілік
Алынған қарыздар (займдар)	Өткен кезеңнің ақша қаражаттарының бюджеті
Ақша қаражаттарының төлемдері	
Тікелей материалдар үшін	Материалдарды сатып алу бюджеті
Көмекші материалдар үшін	Жалпы өндірістік шығындар бюджеті
Тікелей еңбек шығындары үшін	Еңбек бойынша бюджет
Жалпы өндірістік шығындар үшін	Жалпы өндірістік шығындар бюджеті
Коммерциялық шығындар үшін	Коммерциялық шығындар бюджеті
Жалпы және әкімшілік шығындары үшін	Жалпы және әкімшілік шығындары бюджеті
Күрделі шығындар үшін	Күрделі шығындар бюджеті
Пайда салығы үшін	Пайда және зиян жөніндегі болжамды есептілік
Пайыздық шығыстар үшін	Пайда және зиян жөніндегі болжамды есептілік
Қарыздарды қайтару үшін	Несиелік келісімдер

Қолда бар азды-көп ақша қаражат кезеңдері жоспарлануы мүмкін. Жылдың бастапқы және ақырғы сальдосы — ағымдық жылдың аяғындағы және төртінші тоқсанның соңындағы ақша қаражаттың болжалды шамасына сәйкес.

«Қазақмыс» Корпорациясы» ЖШС филиалы — «Балқаштүстімет» ӨБ 2016 ж. I-тоқсанына арналған ақша қаражаттарының бюджеті 6-кестеде қарастырылған.

«Қазақмыс» Корпорациясы» ЖШС филиалы — «Балқаштүстімет» ӨБ  
2016 ж. I-тоқсанына арналған ақша қаражаттарының бюджеті

Операциялық қызмет түрі бойынша жұмсалыу бағыттары	Сума, мың тг			Барлығы
	қаңтар	ақпан	наурыз	
Кезең басындағы сальдо	-	2437	1013	0
1. Түсім	689881	670256	726256	2086393
2. Дебиторлық қарыздардың қайтып келуі	35236	38026	37523	110785
Келіп түскен ақша қаражаты	725117	710719	764792	2197178
3. Ағымдық операциялық шығындар:				
3.1 Еңбекақы төлеу	284006	284965	288562	857533
3.2 Тауарлар мен қызмет үшін жеткізушілерге төленген төлем	248494	232695	250764	731953
3.3 Келісім бойынша жұмыстар	42652	41258	46695	130605
3.4 Жөндеу — эксплуатациялық шығындар	-	1006	1605	2611
3.5 Негізгі құралдар	20462	19785	25896	66143
3.6 Материалдар	25562	24960	29592	80114
3.7 Кеңсе тауарлары	-	3523	4036	7559
3.8 Ис-сапар шығындары	9569	9084	9852	28505
3.9 Бюджетке төленетін басқа төлем	35213	33562	37620	106395
3.10 Өзге төлемдер	50596	49526	56756	156878
Барлық ағымдық операциялық шығын	716554	700364	751378	2168296
4. Салықтар (пайда салығынан басқа):				
4.1 Салықтар (экспорттық, ҚҚС т.б)	9126	8256	9505	26887
4.2 Салымдар	-	1086	1562	2648
Барлық операциялық шығындар	725680	709706	762445	2197831
5. Несие алу	3000	-	-	3000
Кезең соңындағы сальдо	2437	1013	2347	2347

6-кесте берілгендерінен келесідей тұжырым жасауға болады. 2016 жылдың қаңтар айында дебиторлық қарыздардың қайтып келуі мен түсім бойынша жалпы сома 725117 мың теңгені құрайды. Ал, барлық операциялық шығындар 725680 мың теңгені құрап отыр. Көріп отырғанымыздай, 563 мың теңге ақша қаражаты жетпей қалды. Сондықтан кәсіпорын 3000 мың теңге сомасында қарыз алды.

2016 жылдың ақпан айында жалпы келіп түскен ақша қаражаты 710719 мың теңгені құраса, ал барлық операциялық шығындар 709706 мың теңгені құрады. Яғни кәсіпорын ақпан айында оң нәтижеге қол жеткізіп, 1013 мың теңге сомасында пайда алып отыр.

2016 жылдың наурыз айында дәл осындай жағдай қалыптасқан. Нақтырақ айтатын болсақ, ақша қаражаттың түсімі наурыз айында біршама артқан, яғни нәтижесінде кәсіпорын 2347 мың теңге сомасында табыс алды.

Тұжырымдай келе, бюджет — кәсіпорынның операциялық, инвестициялық, қаржылық қызметтерінен түскен қаражат пен шығынды көрсететін қаржы жоспары. Ақша қаражаттарының бюджеті шығыстарды барынша азайтуға, кірісті көбейтуге, пайдалылықты ұстап тұруға және дағдарыстық жағдайларды болдырмауға мүмкіндік береді.

Жалпы қорыта айтқанда, «Қазақмыс» Корпорациясы» ЖШС филиалы — «Балқаштүстімет» ӨБ ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есепті талдадық. Ақша қаражаттарының операциялық қызмет түрі бойынша 2013 ж. ақша қаражаттарының келуі 5962582 мың теңгені құрады, бұл кәсіпорынның инвестициялық және қаржылық қызмет түрі бойынша ақша қаражаттарының шығысын жаба алмады. Сондықтан ақша қаражаттарының қозғалысы есепті жыл басында 1136 мың теңге сомасында жетіспеушілік болған. Ал, 2013 жылмен салыстырғанда 2014 жылы таза ақша ағынының құрылымы айтарлықтай өзгерді. Кәсіпорын 7632 мың теңге сомасында оң таза ақша ағынын алса да, операциялық қызметтен теріс нәтиже алуына байланысты ол табысты жұмыс істеді деп айтуға болмайды. Операциялық қызметтен 233678 мың теңге сомасындағы ақша қаражат кетті. Инвестициялық және қаржылық қызметтен алынған оң таза кіріс операциялық қызметтен алынған теріс нәтижені жапты деуге болады. Жыл басындағы қалдықпен салыстырғанда ақша қаражат қалдығының жыл соңында 3 есеге жуық өсіп, 9658 мың теңгені құрағаны көрінеді. Жалпы кез келген кәсіпорын табысты жұмыс істеу үшін ақша қаражаттың қозғалысын талдауға тиіс.

Ақша қаражатының бюджет — кәсіпорынның операциялық, инвестициялық, қаржылық қызметтерінен түскен қаражат пен шығынды көрсететін қаржы жоспары. «Қазақмыс» Корпорациясы» ЖШС филиалы — «Балқаштүстімет» ӨБ 2016 жылдың I-тоқсанына арналған ақша қаражаттарының бюджеті құрылды.

Ақша қаражаттарының бюджеті бойынша 2016 жылдың қаңтар айында келіп түскен ақша қаражаты 725117 мың теңгені құраса, ал барлық шығындар 725680 мың теңгені құрады, яғни қаңтар айында 563 мың ақша қаражаты жетпей қалды. Сол себептен кәсіпорын ағымдағы банктік шоттан 3000 мың теңге қарыз алды. Ал ақпан айында оң нәтижеге қол жеткізіп, 1013 мың теңге сомасында пайда алған. Дәл осындай жағдай наурыз айында да қалыптасқан. Жалпы ақпан, наурыз айларында алған оң нәтиже қаңтар айында алған теріс нәтижені жауып, 2347 мың теңге сомасында табыс алған.

Кез келген кәсіпорын ақшасын қайда жұмсап, оларды қалай табуға болатынын айқын түсіну қажет, сонымен қатар шығындарын, болашақтағы пайдасын жорамалдай алу керек. Тек осылай ғана шығыстарды барынша азайтып, кірісті көбейтіп, пайдалылықты ұстап тұруға болады, сәйкесінше бұл мәселені шешу жолы ақша қаражаттарын бюджеттеу болып табылады.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Толпаков Ж.С. Бухгалтерлік есеп: оқулық. II. — Қарағанды: Қарағанды полиграфиясы, 2009. — 98-б.
2. Андыбаева Г.Т., Канабекова А.К., Абитова А.К. Экономикалық талдау: оқу құралы. — Алматы: LEM, 2014. — 296 б.
3. Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары. — Алматы: Раритет, 2013. — 672 б.
4. Попова Л.А., Мырзалиев Б.С., Әбдішүкіров Р.С., Әбдішүкіров Д.Р. Қаржылық есеп: оқу құралы. — Шымкент: Нұрлы бейне, 2010. — 232 б.
5. Бланк И.А. Основы финансового менеджмента. — Т. 1. — Киев: Ника-Центр, 1999. — С. 349.

Г.С.Жакупов, Л.А.Темирбекова, М.Б.Садуакасова

### **Действующая практика планирования и анализа денежных средств**

В статье рассмотрены вопросы анализа и бюджетирования денежных средств на примере филиала ПО «Балхашцветмет» ТОО «Корпорация Казахмыс». Проведен анализ движения денежных средств исследуемого предприятия по видам деятельности за 2013–2014 гг. Также рассмотрены способы составления отчета о движении денежных средств. Изучены возможности бюджетирования, рассмотрены его необходимость, преимущества, недостатки. На основе анализа способов построения бюджета денежных средств (на примере исследуемого предприятия) составлен бюджет денежных средств на 1 квартал 2016 г.

G.S.Zhakupov, L.A.Temirbekova, M.B.Saduakasova

### **The current practice of planning and analysis cash**

The paper deals with the analysis and budgeting of funds by the example of the branch «Balkhashtsvetmet» «Kazakhmys Corporation». The analysis of cash flow for the company investigated the 2013–2014. Cash flow analysis carried out by type of activity, in the article the ways of the statement of cash flows. The possibilities of budgeting, considered it necessary, advantages, disadvantages. Having studied the methods of constructing the budget funds, the example shows the investigated companies made cash budget for the 1st quarter 2016.

#### References

- 1 Tolpakov Zh.S. *Accounting: text-book. II*, Karaganda: Karagandy printing, 2009, p. 98.
- 2 Andybaeva G.T., Kanabekova A.K., Abitova A.K. *Economic analysis*, Almaty: LEM, 2014, 296 p.
- 3 *International financial reporting standards*, Almaty: Raritet, 2013, 672 p.
- 4 Popova L.A., Myrzaliev B.S., Abdishukirov R.S., Abdishukirov D.R. *Financial accounting*, Shymket: Nurly beyene, 2010, 232 p.
- 5 Blank I.A. *Fundamentals of Financial Management*, 1, Kiev: Nicka-Center, 1999, p. 349.